

**№ 1245 тіркелген "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2000 жылғы 10 шілдедегі № 707 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2004 жылғы 16 сәуірдегі № 327 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2004 жылғы 13 мамырда тіркелді. Тіркеу № 2853. Күші жойылды - ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2005 жылғы 15 сәуірдегі № 244 (V053627) бұйрығымен.

Кәсіптік орта оқу орындарына қабылдау жөніндегі нормативтік құқықтық базаны жетілдіру мақсатында бұйырамын:

1. Мемлекеттік тіркеу тізіміндегі нормативтік құқықтық актілерде № 1245 тіркелген, "Білім және ғылым хабаршысы" журналының 2002 жылғы № 2-3 санында жарияланған "Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің № 1245 тіркелген 2000 жылғы 10 шілдедегі № 707 бұйрығына (бұдан әрі - Бұйрық) (Білім және ғылым министрінің № 1880 тіркелген 2002 жылғы 16 мамырдағы № 393 ; № 2232 тіркелген 2003 жылғы 15 наурыздағы № 157 ; № 2375 тіркелген 2003 жылғы 30 мамырдағы № 364 бұйрықтарымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген), мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Бұйрықтың кіріспесінде "1999 жылғы 7 маусымдағы" деген сөздер алынып тасталсын;

Бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының кәсіптік орта оқу орындарына қабылдаудың үлгі ережесінде:

2 тармақ "3x4 мөлшерлі 4 суретін" деген сөздерінен соң ", ұлттық бірыңғай тестілеу нәтижелерінің сертификаты (бұдан әрі - ҰБТ сертификаты.)" деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылсын:

"2-1. Жалпы негізгі, жалпы орта, кәсіптік бастауыш білімі бар азаматтарды кәсіптік орта оқу орындарына қабылдау азаматтардың өтініші бойынша конкурстық сынақ емтихандардың балдары немесе ҰБТ сертификатында көрсетілген балдар негізде жасалады.";

3-1 тармақта "20 маусымнан 15 тамызға дейін" деген сөздер "20 маусымнан 20 тамызға дейін" деген сөздермен ауыстырылсын;

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтарды қабылдау түсу емтихандары аяқталғаннан кейін және күндізгі оқу нысанына түсетіндер үшін 25 тамыздан 30 тамызға дейін, кешкі және сырттай оқу нысанына түсетіндер үшін 15 қыркүйектен 30 қыркүйекке дейін жүргізіледі";

7-тармақтың үшінші абзацында "30 пайыздан кем" деген сөздер "30 баллдан кем" деген сөздермен ауыстырылсын, "25"-ті "30"-ға;

16-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"16. Орта кәсіптік оқу орнының қабылдау комиссияларына кешенді тестілеуге қатысқан, басқа колледждерге (училищелерге) және жоғары оқу орындарына конкурстан өтпеген тұлғаларды белгіленген үлгідегі мемлекеттік сертификаттар негізінде қабылдауды жүзеге асыру құқығы беріледі".

2. Орта білім департаменті (С.Б. Есбосынова) осы бұйрықты белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркеуге ұсынсын.

3. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап күшіне енеді.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау вице-министр К.Шәмшидиноваға жүктелсін.

*Министр*